

## МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

**Нұсқау:** Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.

1.  $a$  санының  $b$  санына бөліндісі  $0,6$ -ға,  $b$  санының  $c$  санына бөліндісі  $1,2$ -ге тең.  $a$  саны  $c$  санының неше процентін құрайтынын анықтаңыз

- A) 72%
- B) 60%
- C) 20%
- D) 12%

2.  $a_n = 7n + 3$  формуласымен анықталатын тізбектің ең үлкен үш таңбалы мүшесі

- A) 993
- B) 999
- C) 998
- D) 997

3.  $103 < X < 631$  шарттарын қанағаттандыратын  $7$ -ге еселі  $X$  натурал сандар қатарының медианасын анықтаңыз

- A) 367
- B) 368
- C) 367,5
- D) 366

4. Айнұр  $12;13;2;21;5;25;27;31;33;7$  берілген сандардың біреуін өшірді. Өшірген санның жай сан болу ықтималдығын табыңыз.

- A) 0,6
- B) 0,7
- C) 0,4
- D) 0,5

5. Тапсырыс бойынша шебер диагоналының ұзындығы  $25$  см және бір қабырғасының ұзындығы  $15$  см болатын тік төртбұрыш пішіндес шаблон жасау керек болды. Шаблонның ені қандай болады?

- A) 40 см
- B) 20 см
- C) 10 см
- D) 25 см

6. Дөңгелек диаграммада «Ерік» дүкеніндегі заттар бойынша бір айда сауда жасаған адамдардың саны пайыздық мөлшерде берілген. Егер теледидар сатып алған адамдар саны 240 болса, жалпы сауда жасаған адамдар санын табыңыз



- A) 3200
- B) 2400
- C) 2000
- D) 2800

7. Сыныптағы 35 оқушының 15-і қыз бала. Осы оқушылардан бір қыз бала мен бір ұлды таңдап алу тәсілдерінің санын табыңыз

- A) 150
- B) 240
- C) 600
- D) 300

8. Төменде заңдылық бойынша шаршылардан құралған фигуралардың алғашқы төрт адымы берілген. Алтыншы адымында қанша шаршы болғанын табыңыз




- A) 12
- B) 16
- C) 15
- D) 13

9. Дүкенде үш күнде 2021 кг көкөніс сатылды. Екінші күнге карағанда бірінші күні 167 кг көкөніс артық сатылды, ал үшінші күні екінші күнге карағанда 119 кг кем сатылды. Екінші күні неше килограмм көкөніс сатылғанын табу үшін құрылған теңдеу

- A)  $2x + 48 = 2021$
- B)  $3x - 48 = 2021$
- C)  $3x + 48 = 2021$
- D)  $2x + 286 = 2021$

10. Бассейн моделінің параметрлері келесідей: 4 м, 8 м, 8 м. Бассейн бүйір қабырғаларының қалыңдығы 1 м. Бассейндегі су бетінің ауданын табыңыз



- A)  $64 \text{ м}^2$
- B)  $48 \text{ м}^2$
- C)  $36 \text{ м}^2$
- D)  $16 \text{ м}^2$

**МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**